

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 136 Заңы

1-бап. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 17, 102-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспеде "пайдалану" деген сөз "тұтыну" деген сөзben ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) өніраалық және (немесе) мемлекетаралық электр беру желілері - өнірлер және (немесе) мемлекеттер арасында электр энергиясын беруді қамтамасыз ететін, кернеуі 220 кВ және одан жоғары электр беру желілері;";

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) ұлттық электр желісі - жекешелендіруге және оның алдындағы сатыларға жатпайтын шағын станциялардың, тарату құрылғыларының, кернеуі 220 кВ және одан жоғары өніраалық және (немесе) мемлекетаралық электр беру желілерінің және электр станцияларының электр энергиясын беруді жүзеге асыратын электр беру желілерінің жиынтығы;";

мынадай мазмұндағы 13-1) және 13-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"13-1) жылу желілерінің күзет аймағы - жылу желілерін сақтауды қамтамасыз ету, пайдаланудың қалыпты жағдайларын жасау, олардың зақымдануының, сондай-ақ осы желілердің күзет аймағында қалған тұрғындар арасында жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында бөлінген жер участеклері;

13-2) электр желілерінің күзет аймағы - электр желілерін сақтауды қамтамасыз ету, пайдаланудың қалыпты жағдайларын жасау, олардың зақымдануының, сондай-ақ осы желілердің күзет аймағында қалған тұрғындар арасында жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында бөлінген жер участеклері, су және әуе кеңістігі;";

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) электр энергиясын беру - электр энергиясын беруші ұйымдардың электр энергиясын беруге жасалған шарттарға сәйкес көрсететін қызметі;";

16) тармақшада "пайдаланатын" деген сөз "тұтынатын" деген сөзben ауыстырылсын ;

34) тармақшада "пайдалану" деген сөз "тұтыну" деген сөзben ауыстырылсын;

3) 3-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы "пайдалану" деген сөз "тұтыну" деген сөзben ауыстырылсын;

4) 5 - б а п т а :

- 5) тармақшада "пайдалану" деген сөз "тұтыну" деген сөзben ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын: "11-1) жүйелік операторды және электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы нарығының операторын белгілейді;";

5) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Электр станцияларын, электр беру желілері мен шағын станцияларды жобалау және салу

1. Қосалқы (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын станцияларды жобалау және салу уәкілдеп органға, табиғи монополиялар салаларындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органға және жүйелік операторға алдын ала хабарлай отырып және олармен келісе отырып жүзеге асырылады.

2. Электр станцияларын, электр беру желілері мен шағын станцияларды жобалау және салу, сондай-ақ оларды пайдалану концессиялық келісімдер негізінде жүзеге асырылады

М ү м к і н .

3. Концессиялық келісімдер негізінде салынған кернеуі 220 кВ және одан жоғары өніраалық және (немесе) мемлекетаралық электр беру желілері, шағын станциялар мен тарату құрылғылары осы келісімдердің қолданылу кезеңінде концессионердің уақытша иеленуінде және пайдалануында болады және концессиялық келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ұлттық электр желісі құрамына беріледі.

4. Концессиялық келісімдер негізінде салынған кернеуі 220 кВ және одан жоғары өніраалық және (немесе) мемлекетаралық электр беру желілерін, шағын станцияларды, тарату құрылғыларын орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды, сондай-ақ пайдалануды жүйелік оператор шарттар негізінде жүзеге асырады.";

6) 14-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Энергия өндіруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, электр энергиясын кепілдікпен берушілер және электр энергиясын кейін сату мақсатында сатып алушы жүзеге асыратын ұйымдар электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықта уәкілдеп орган белгілеген тәртіппен сатып алуға немесе сатуға тиіс.";

7) 16-баптың 3-тармағы алыш тасталсын;

8) 17-баптың 1-тармағындағы "жөнінде" деген сөздің алдынан ", электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру және оның жұмыс істейі" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 1 9 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасындағы "пайдаланған" деген сөз "тұтынылған" деген сөзben ауыстырылсын;

2-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) қосымша қуаттарды қосқан кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен электр энергетикасы қондырғылары объектілерін кеңейту және

реконструкциялау үшін энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың шығындарын өтеуге міндетті.";

10) 22-баптың 2-тармағы "жылу желілерін күзету" деген сөздерден кейін ", электр және жылу желілерінің күзет аймақтарында жұмыс жүргізу" деген сөздермен толықтырылсын;

1 1) 2 4 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 2008 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін 13-бабының 6-тармағын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.";

2-тармақтағы "2005" деген цифrlар "2007" деген цифrlармен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Зан ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК